

КӨСЕМБАЙ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ

«БЕКІТЕМІН»


Мектеп директоры:

 Д.М.Елгондина

"31" 08 2023ж

«КЕЛІСЕМІН»

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

 Л.М.Шүтенова

"31" 08 2023ж

5-6-сыныпқа арналған тәрбие құндылықтарына арналған жылдық жоспары

Сынып жетекші: Даулетова Жұмагүл
Маратқызы

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ұлттық мүдде

- Отаншыл, мемелкетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шаралар	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Мектеп мейірім мекені	сынып сағаты білім күні	«Менің сүйікті мектебім», республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Сынып жетекші	01.09.
2	Ұлы даланың ұлтаралық тілі	Сынып сағаты Топтық жұмыс	Қазақстан тілдер күніне арналған акция	Сынып жетекші	04.09
3	Ұлы дала перзентімін («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты Пікір алмасу	Сынып сағаты Жоспары	Сынып Жетекші, жоба жетекшісі	16.10
4	Тарих пен тіл тамырлас («жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты Дебат	Сынып сағаты Жоспары	Сынып Жетекші Жоба жетекшісі	04.12
5	Ұлттық рух тәуелсіздік тірегі	Сынып сағаты Дөңгелек үстел	Сынып сағаты	Сынып жетекші	11.12

	<i>(«жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>		Жоспары	Жоба жетекшісі	
6	Ұлттық ойын ұлт қазынасы	Ойын сабақ	Сабақ жоспары, фото коллаж	Сынып жетекшісі	22.01
7	Тарихқа тағзым <i>(«жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>	Сынып сағаты Ерлік сабағы	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекшісі Жоба жетекшісі	12.02
8	Сен және заң <i>(«жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>	Сынып сағаты Дөңгелек үстел	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекшісі Жоба жетекшісі	19.02
9	Домбыра қазағымның қазынасы	Сынып сағаты	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекшісі	18.03
10	Ұмыт болған ұлттық тағамдар <i>(«ата аналар мектебі жобасы»)</i>	Сынып сағаты Жоба қорғау	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоба жетекшісі	08.04
11	Ұлттық киім ұрпаққа мұра <i>(«ата аналар мектебі жобасы»)</i>	Сынып сағаты Презентация	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекшісі Жоба жетекшісі	15.04
12	Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді <i>(«жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>	Сынып сағаты Бейне фильм	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі Жоба жетекшісі	06.05
13	Жеңіс деген шат күлкісі баланың <i>(«жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>	Сынып сағаты	Жоспары	Сынып жетекшісі Жоба жетекшісі	13.05
14	Туған өлке ақындарының шығармалары <i>(«жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i>	Сынып сағаты	Жоспары	Сынып жетекшісі Жоба жетекшісі	08.01

Ар-ұят

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

№	Тәрбие құндылықтары Бойынша іс-шара тақырыптары	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
15	Отбасы шағын мемлекет	Сынып сағаты Фотоколлаж	Сынып сағаты жоспары	Сынып жетекші	11.09
16	Ерікті болу ерлік («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	25.09
17	Ұстаз! Сіздің алдыңызда... («оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты Шығармашыл ық сабақ	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	02.10
18	Бір отбасы бір кітап («балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағаты Дөңгелек үстел	Республикал ық онлайн акция	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	09.10
19	Отбасылық дәстүрлер («ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	23.10
20	Мейірімділік керуені ҚХА форумы	Сынып сағаты	«қоржын қайырымдыл ық» акциясы	Сынып жетекші	06.11
21	Оян, ар мен адалдық («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты Танымдық сабақ	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	13.11
22	Адал ұрпақ мәңгілік елдің	Сынып сағаты	Сынып	Сынып	20.11

	кепілі («жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)		сағаты Жоспары	жетекші	
23	Отбасы тәрбиенің алтын бесігі («тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	Сынып сағаты Презентация	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	25.12
24	Парасаттылық танымның бастау бұлағы («оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	15.01
25	Таным. Тағылым. Тәрбие («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші	29.01
26	Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы («балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағаты Сайыс сабағы	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	05.02
27	Сабырлылық асыл қасиет («ата аналар мектебі жобасы»)	Сынып сағаты	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	26.02
28	Бәрі де ана бір өзіңнен басталады («ата аналар мектебі жобасы»)	Сынып сағаты Монтаж	Сынып сағаты Жоспары фотоколлаж	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	04.03
29	Достық көмекпен мықты («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші	01.04

Талап

- Жан мен тән тазалығын сақтайды
- Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды
- Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға

№	Тәрбие құндылықтары Бойынша іс шара тақырыптары	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
30	Жолда жүру ережелерің білесің бе?	Сынып сағаты Таныстырылым	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші	18.09
31	Үнемділік инноваторы («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты Пікіралмасу	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	27.11
32	Үміт сәулесі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағаты	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	11.03
33	Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі («ата аналар мектебі жобасы»)	Сынып сағаты Пікіралмасу	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	22.04
34	Кітапханаға саяхат («жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты Таныстырылым	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші Жоба жетекшісі	29.04
35	Спорт өмір серігің	Сынып сағаты Сайыс сабақ	Сынып сағаты Жоспары	Сынып жетекші	20.05

№	Тақырыбы	Мерзімі
I тоқсан		
	Мектеп мейірім мекені	01.09
1	Ұлы даланың ұлтаралық тілі	04.09
2	Отбасы шағын мемлекет	11.09
3	Жолда жүру ережелерің білесің бе?	18.09
4	Ерікті болу ерлік	25.09
5	Ұстаз! Сіздің алдыңызда....	02.10
6	Бір отбасы бір кітап	09.10
7	Ұлы дала перзентімін	16.10
8	Отбасылық дәстүрлер	23.10
II тоқсан		
9	Мейірімділік керуені	06.11
10	Оян, ар мен адалдық	13.11
11	Адал ұрпақ мәңгілік елдің кепілі	20.11
12	Үнемділік иноваторы	27.11
13	Тарих пен тіл тамырлас	04.12
14	Ұлттық рух тәуелсіздік тірегі	11.12
15	Отбасы тәрбиенің алтын бесігі	25.12
III тоқсан		
16	Туған өлке ақындарының шығармалары	08.01
17	Парасаттылық танымның бастау бұлағы	15.01
18	Ұлттық ойын ұлт қазынасы	22.01
19	Таным. Тағылым. Тәрбие	29.01
20	Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы	05.02
21	Тарихқа тағзым	12.02
22	Сен және заң	19.02
23	Сабырлылық асыл қасиет	26.02
24	Бәрі де ана бір өзіңнен басталады	04.03
25	Үміт сәулесі	11.03
26	Домбыра қазағымның қазынасы	18.03
IV тоқсан		
27	Достық көмекпен мықты	01.04
28	Ұмыт болған ұлттық тағамдар	08.04
29	Ұлттық киім ұрпаққа мұра	15.04
30	Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі	22.04
31	Кітапханаға саяхат	29.04
32	Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді	06.05
33	Женіс деген шат күлкісі баланың	13.05
34	Спорт өмір серігің	20.05